

## Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы орталығы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 435 өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 маусымдағы № 588 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 24.06.2013 № 588 Жарлығымен.**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметімен, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігімен, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігімен, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігімен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетімен бірлесе отырып:

1) мүдделі мемлекеттік органдардың террористік және экстремистік көріністерді анықтау, алдын алу және жолын кесу саласындағы қызметін үйлестіруге арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы орталығын (бұдан әрі - Орталық) құратын болсын;

2) бір ай мерзімде Терроризмге қарсы орталықтың құрылымын және ережесін б е к і т с і н ;

3) Орталықтың штабында тұрақты негіздеме жұмыс істеу үшін өз қызметкерлерін жіберуді қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2005.04.08. N 544 өкімімен.**

1-1. Орталыққа Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қауіпсіздік жүйелерін және террористік қатерді бейтараптандыруға дайындықты күшейту жөніндегі шаралар кешенін іске асыруға, оның ішінде Терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарламада көзделген бақылауды жүргізу жөніндегі өкілеттіктер берілсін.

**Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2005.04.08. N 544 өкімімен.**

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына қазіргі штат санының есебінен Орталықтың штабын құру жөнінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік

комитетінің құрылымына толықтыру енгізуді көздейтін жарлық жобасын енгізсін

3. Орталықтың қызметін қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетіне және Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіне көзделген қаражаттың есебінен және шегінде жүргізілсін. Орталық штабы қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуді олар штатында тұратын мемлекеттік органдар жүзеге асырсын.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2005.04.08. N 544 өкімімен.**

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*